

1997 жылғы 10 маусымдағы Жазасын әрі қарай өтеу үшін, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды тапсыру туралы Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы Шартқа өзгеріс енгізу туралы Хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 155-V Заңы.

2007 жылғы 7 тамызда Астанада жасалған 1997 жылғы 10 маусымдағы Жазасын әрі қарай өтеу үшін, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды тапсыру туралы Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы Шартқа өзгеріс енгізу туралы Хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

1997 жылғы 31 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы алдағы жазасын өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды тапсыру туралы шартқа өзгеріс енгізу туралы ХАТТАМА

(2017 жылғы 12 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2017 ж., № 6, 85-құжат)

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы,

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы алдағы жазасын өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды тапсыру туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгеріс енгізуге уағдаласты:

1-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "орталық органдар" - Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес алдағы жазасын өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды тапсыру туралы шешімді қабылдайтын мемлекеттік органдар".

Осы Хаттама Шарттың 23-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді

Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2007 жылдың 7 тамызда Астана қаласында, екі данада, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттың мәтінін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК